

» Ауыз су

Өңірімізде тұрғындарды сапалы инфрақұрылыммен қамту бағытында ауқымды жобалар іске асуда. Сондай жобалардың бірі – Шардара қаласын сапалы әрі тұрақты таза ауыз сумен қамтамасыз етуге бағытталған ірі инфрақұрылымдық жоба.



Жұмыстар кестеге сай жүруде

Жобада 39 шақырым су құбырын тарту жоспарланған. Қазіргі таңда оның 27 шақырымы тартылды. Диаметрі 560 мм SDR17 полиэтилен құбырларын тарту екі бағытта жүргізілуде, 14 ұңғыма қазылды. Ол 14 ұңғыманың төртеуі толық аяқталып, 10 ұңғымада су тазалау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар 500 текше метр резервуардың бетоны құйылып, іргетасы қаланды. Су өткізбейтін жабын жасау, сорғы стансасы мен әкімшілік ғимараттың шатырын жабу, электр желілерін тарту жұмыстары жалғасуда.

Бұл жоба – Шардара қаласының тұрғындарын таза ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз ететін маңызды әлеуметтік бастама. Құрылыс жұмыстары бекітілген кестеге сай жүруде және сапасы бақылауда.

Айта кетейік, былтыр ауыз су саласы бойынша облыста жалпы 82 нысанның құрылысы жоспарланған. Бүгінде 42 нысанның құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Қалған 40 нысан биыл пайдалануға беріледі.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

» «Таза Қазақстан»

Жалғызбасты жандарға жәрдемдесті



Облысымызда «Таза Қазақстан» экологиялық жобасы аясында әлеуметтік-маңызды іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – жалғызбасты қарттарға тұрмыстық және әлеуметтік қолдау көрсету, қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды насихаттау.

Атап айтқанда, облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ерікті жастары мен жауапты мамандары қариялардың үйіне барып, тазалық жұмыстарын жүргізді, әлеуметтік қолдау көрсетті. Орталық басшысының орынбасары Дініслам Бимаханбетов жастарға экологиялық тәртіпті сақтау, тазалықты күнделікті өмір салтына айналдыру жайында өңгімеледі.

«Аталған бастама «Таза Қазақстан» жобасының негізгі бағыттарына сәйкес жүзеге асырылып, қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға, жастардың ерікті қызметіне белсенді қатысуына және экологиялық сананы қалыптастыруға бағытталды. Оған Жастар ресурстық орталығының қызметкерлері, белсенді жастар, еріктілер мен қоғам өкілдері қатысты. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табады» деді Д.Бимаханбетов.

Өткен жылы өңірімізде «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында 7 263 тазалық шарасы өтті. Экологиялық бастамаға бір миллионнан аса тұрғын қатысып, 7 мың техника жұмылдырылды. Көшелерде, қоғамдық орындарда, аулалар мен саябақтарда тазалау жұмыстары жүйелі жүргізілді. Соның нәтижесінде 1 миллион түптен аса көшет отырғызылып, 16 624 тонна қоқыс шығарылды.

«Оңтүстік»-АҚПАРАТ.

» Маман кеңесі

Консервіленген өнімдерді таңдай білесіз бе?

Бүгінгі таңда нарық консервіленген өнімдердің үлкен асортиментін ұсынып отыр. Консервілеу – өнімнің сақтау мерзімін ұзарту үшін оның сапасын бұзбай сақтау әдісі. Алайда, консервілерді таңдау кезінде мұқият болу қажет, себебі, онда тағамдық улану қаупі бар. Мұндай өнімдердің көп түрлілігі кейде қарапайым тұтынушы үшін таңдау жасауды қиындастырады. Кеден одағының техникалық регламентіне (КО ТР 022/2011 «Тағам өнімдерін таңбалау бөлігінде») сәйкес, консервілерді дұрыс таңдау қаптаманың тұтастығын тексеруге, таңбалауы мен құрамын мұқият зерттеуге негізделеді.

Консервілерді таңдаудың негізгі ережелері:

1. Банканың сыртқы күйін тексеру. Ол тегіс болуы керек. Ісінген («бомба») консервілер адам денсаулығына қауіпті.

2. Тот басқан-баспағандығына, басқа да ақауларға назар аудару керек. Әсіресе, тігістер маңындағы тот немесе ағып кету белгілері өнімнің бұзылғанын көрсетеді.

3. Қорғаныш қабаты. Сызаттары бар, қорғаныш қабаты бұзылған консервілерді сатуға жол берілмейді.

4. Таңбалау ақпараттарының толықтығы. Таңбалауда міндетті түрде келесі ақпараттар көрсетілуі тиіс: өнім атауы, құрамы, тағамдық және энергетикалық құндылығы, шығарылған күні мен жарамдылық мерзімі, сақтау шарттары, өндіруші мекеме туралы мәліметтер, сон-



дай-ақ өнімнің КО ТР талаптарына сәйкестігін білдіретін «ЕАС» белгісі.

Осы ретте маңызды мәселені айта кетсек, консерві ашылғаннан кейін өнімді шыны немесе пластик ыдысқа ауыстыру қажет, себебі, ауамен жанасқан металл тотығу процесіне ұшырайды.

**Назерке ӘШИМОВА,
ҚР ДСМ СЭБК Шымкент қалалық
СЭБД техникалық регламенттердің
талаптарының сақталуын бақылау
бөлімінің бас маманы.**

» СЭС ескертеді

Нипах вирусы тіркелген жоқ, алайда...

Елімізде Нипах вирусын жұқтыру, сондай-ақ, оны ел аумағына әкелу жағдайы тіркелген жоқ. Қазіргі уақытта елдегі эпидемиологиялық жағдай тұрақты. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мемлекеттік шекара арқылы барлық өткізу бекеттерінде санитарлық-карантиндік бақылауды күшейтті. Атап айтқанда, Үндістаннан және ауру тіркелген Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа елдерінен келген адамдарға ерекше назар аударылады.

Денсаулық сақтау министрлігінің хабарлауынша, жағдай толық бақылауда. Шұғыл медициналық көмек және инфекциялық стационарлар бригадаларының дайындығы қамтамасыз етіліп, дәрілік заттардың, жеке қорғану құралдарының және дезинфекциялау құралдарының азайтылмайтын қорлары қалыптастырылған.

Инфекцияның таралуының профилактикасы мақсатында эндемиялық елдерге сапар шегуді жоспарлап отырған азаматтарға жеке профилактика шараларын сақтау және қайтып келгеннен кейін аурудың белгілері пайда болған кезде дәрігерге көріну туралы хабарлай отырып, дереу медициналық көмекке жүгіну ұсынылады.

Нипах вирусы зооноздық инфекцияларға жатады. Ол адамдарға жануарлардан, соның ішінде жарқанаттар мен шошқалардан, сондай-ақ осы вирусты жұқтырған адамнан жұғады. Ластанған тағамдар мен сусындар арқылы берілуі мүмкін. Аурудың белгілері мынадай: жоғары температура, бас ауруы, әлсіздік. Ал, ауыр жағдайларда орталық жүйке жүйесі зақымдалып, пневмонияның дамуымен бірге жүруі өбден мүмкін.

Айта кетейік, Нипах вирусына қарсы арнайы емдеу және мақұлданған вакцина жоқ.

«Оңтүстік»-АҚПАРАТ.

Хабарландыру

«АйМар Құс» ЖШС «Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Базарқалпа тұрғын алабы, «АйМар Құс» ЖШС құс фабрикасы жобасы бойынша І санаттағы объектіге өсер етуге рұқсат алу үшін материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 16 наурызда сағат 15:00-де Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Базарқалпа тұрғын алабы, 7/2 үшкәсі мекенжайында өтеді. Zoom сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/2338273093?pwd=XjJfS9Sgc0kmSF7iZlprYphPN2J4qNS.1&omn=84834602081> Конференция идентификаторы: 233 827 3093, Кіру коды: z8Rh7. Өсер ету аумағы: 42°28'06.82"С, 69°90'90.58"В Жоба бойынша құжаттама келесі сайттарда орналастырылған: <https://hearings.ndbecology.gov.kz> және «Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigirestar/activities/directions?lang=ru>

«Қоғамдық тыңдаулар» белімінде танысуға болады. Жұртшылық ұсыныстар мен ескертпелерді электронды түрде мына мекенжайға жіберуіне болады: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz. қағаз түрінде: Шымкент қаласы, Тауке хан даңғылы, 6, телефоны: +7 (7252) 53-02-75. Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «АйМар Құс» ЖШС, БСН 21044000949, мекенжайы: Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Базарқалпа тұрғын алабы, 7/2 үшкәсі, телефоны: +7 777 955 9944. Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: «Каз Гранд Эко Проект» ЖШС, телефоны: 8(775)3245005 Шымкент қаласы, Байтұрсынның көшесі, 20 б. БСН 111040001588. Қосымша ақпаратты мына телефон және эл.поштадан алуға болады: 87753245005, sholpik@mail.ru

Объявление

ТОО «АйМар Құс» проводит общественные слушания по материалам для получения Разрешения на воздействие для объекта I категории по проекту «Птицефабрика ТОО «АйМар Құс» г. Шымкент, Енбекшинский район, жилой массив Базарқалпа».

Слушания состоится 16 марта 2026 г. в 15:00 по адресу г.Шымкент, Енбекшинский район, жилой массив Базарқалпа, уч 7/2, ссылка Zoom: <https://us05web.zoom.us/j/2338273093?pwd=XjJfS9Sgc0kmSF7iZlprYphPN2J4qNS.1&omn=84834602081>

Идентификатор конференции: 233 827 3093, Код доступа: z8Rh71. Территория воздействия: 42°28'06.82"С, 69°90'90.58"В

Документация по проекту размещена на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> и на сайте ГУ «Управление развития комфортной городской

среды города Шымкент» в разделе «Общественные слушания». <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigirestar/activities/directions?lang=ru>. Общественность может направить свои замечания и предложения в электронной форме по адресу: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz. в бумажной форме: г. Шымкент, проспект Тауке хана, 6, телефон: +7 (7252) 53-02-75. Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: ТОО «АйМар Құс», БИН 21044000949, адрес: г.Шымкент, Енбекшинский район, жилой массив Базарқалпа, уч 7/2, тел: +7 777 955 9944.

Наименование и контактные данные разработчика документации: ТОО «Каз Гранд Эко Проект», телефон: 8(775)3245005 город Шымкент ул.Байтұрсынның, 20 б. БИН 111040001588. Дополнительную информацию можно получить по телефону и эл. почте: 87753245005, sholpik@mail.ru

Түзетіліп оқылсын

Газеттің 2026 жылы 20 қаңтар күні №5 (21775) санында жарияланған «Ленгір қыш» ЖШС Түркістан облысы, Төлеби ауданы аумағында «Тоғузское-2 (участок 1)» кен орнында саздақтар өндіру жобасына байланысты қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарландыру мәтініндегі қоғамдық тыңдаудың өткізілетін уақыты 2026 жылы 18 наурызға сағат 15.00-ге өзгертілді.

Исправление объявления

Объявление в газете №5 (21775) опубликованное в 2026 году 20 января ТОО «Ленгір қыш» суглинков на месторождения Тоғузское-2 (участок 1) расположенного в Төлебийском районе Туркестанской области было изменено дата и время общественных слушаний на 18 марта 2026 года в 15.00.

Түзетіліп оқылсын

Газеттің 2026 жылы 20 қаңтар күні №5 (21775) санында жарияланған «DALA-CONSTRUCTION.KZ» ЖШС Түркістан облысы, Арыс қаласы әкімшілігінің шегінде «Коксаз» кен орнында бентонит саздарын өндіру жобасына байланысты қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарландыру мәтініндегі қоғамдық тыңдаудың өткізілетін уақыты 2026 жылы 20 наурыз күні сағат 15.00-ге өзгертілді.

Исправление объявления

Объявление в газете №5 (21775) опубликованное в 2026 году 20 января ТОО «DALA-CONSTRUCTION.KZ» добыча бентонитовых глин на месторождении «Коксаз» расположенного в пределах администрации города Арысь Туркестанской области было изменено дата и время общественных слушаний на 20 марта 2026 года в 15.00.

Түзетіліп оқылсын

Газеттің 2026 жылы 20 қаңтар күні №5 (21775) санында жарияланған «САУРАН ҚЫШ» ЖШС Түркістан облысы аумағында «Сауранқыш» кен орнында сазды жыныстарды (кірпіштен жасалған бұйымдарға арналған саз) өндіру жобасына байланысты қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарландыру мәтініндегі қоғамдық тыңдаудың өткізілетін уақыты 2026 жылы 16 наурыз күні сағат 15.00-ге өзгертілді.

Исправление объявления

Объявление в газете №5 (21775) опубликованное в 2026 году 20 января ТОО «САУРАН ҚЫШ» добыча глинистых пород (суглинков для кирпичных изделий) на месторождении «САУРАН ҚЫШ» расположенного в Туркестанской области было изменено дата и время общественных слушаний на 16 марта 2026 года в 15.00.

Сауда өтеді

«Серт А» Ломбард» ЖШС сатып алынбаған мүлікке сауда жариялайды. Сауда 2026 жылы 16 ақпан күні сағат 12.00-де Шымкент қаласы, Республика даңғылы 12-үй, 43-пәтерде өтеді. Анықтама телефоны: 98-40-94.

Сауда өтеді

«Серт КЗ» Ломбард» ЖШС сатып алынбаған мүлікке сауда жариялайды. Сауда 2026 жылы 16 ақпан күні сағат 10.00-де Шымкент қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 6/3 үйде өтеді. Анықтама телефоны: 56-11-52.

Жол-көлік колледжінің ұжымы колледждің арнайы пән оқытушысы Гүлнара Бақытжанқызы Үсеноваға әкесі **Бақытжан Алпысбайұлы ҮСЕНОВТИҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.